bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ФИЗИКА**

# Тартылыс құбылысы және ауырлық күші. Салмақ

ЖАРИЯЛАНДЫ 18.02.2020
СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/50717/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

| | |
|---|---|
| Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі: Денелердің өзара әрекеттесуі. | Мектеп: №12 Қ.Сәтпаев атындағы жалпы орта мектеп |
| Күні:28.11.2018ж | Мұғалімнің аты-жөні: Абишева Мерей |
| Сынып: 7 А,Ә,Б | Қатысқандар: Қатыспағандар: |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Тартылыс құбылысы және ауырлық күші. Салмақ.** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** | 7.2.2.10 Масса, салмақ және ауырлық күші ұғымдарын ажырату. |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар:** Масса,салмақ және ауырлық күшінің физикалық мағынасын біледі, айырмашылығын ажыратады.<br>**Көптеген оқушылар:** Масса, салмақ және ауырлық күштерінің белгіленуін, өлшем бірліктерін біледі, формуласын қолданып есептер шығара алады.<br>**Кейбір оқушылар:** Ауырлық күшін басқа планеталардағы ауырлық күшімен салыстыра біледі. Салмаққа мысал келтіру арқылы түсіндіріп, өмірмен байланыстыра алады. |
| **Ойлау дағдылары** | Білу, түсіну, қолдану |
| **Бағалау критерийі** | Масса, салмақ және ауырлық күші ұғымындарын біледі.<br>Есептер шығару барысында формуланы түрлендіріп дұрыс пайдалана біледі. Өлшем бірліктерін ХБЖ-не келтіре алады.<br>Масса, салмақ және ауырлық күштеріне мысалдар келтіре отырып, ауырлық күшін басқа планеталардағы ауырлық күшімен салыстыра алады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар:** Оқыту барысында тілдің айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым дағдыларын қалыптастыру.<br>Тілдік терминология.<br>Масса, салмақ және ауырлық күші туралы өз ойларын айта алады, жауаптарды диалог құру арқылы талқылайды.<br>Масса-масса-mass<br>Салмақ-вес-weight<br>Ауырлық күші-сила тяжести-gravity |
| **Құндылықтарға баулу** | Бірлесе жұмыс жасау арқылы білімге қол жеткізу, бір-бірін сыйлау, құрметтеу. Шағын топтарда диалогқа түсіп, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру. Физикалық құбылыстарды зерттеу, есептер шығару барысында инновацияға негізделген экономикалық өсу. |
| **Пәнаралық байланыс** | Математика, жаратылыстану, қазақ тілі. |
| **Алдыңғы білім** | Күш |
| **Қосымша білім** | Білу керек:Масса, салмақ және ауырлық күші туралы түсінік қалыптасады, масса, салмақ және ауырлық күштеріне байланысты есептердің шартын түсініп оқиды, формуланы дұрыс пайдаланады. Өмірде қолданыста болатынын түсінеді |
| **Сабақтың барысы** | |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>3 минут<br><br><br><br><br><br><br>5 минут | **Ұйымдастыру:** Сәлеметсіздер ме, оқушылар? көтеріңкі көңіл-күй тілеймін. (сынып оқушыларын түгелдеймін).<br>**Психологиялық сәт**<br>Оқушылар бір-біріне физикалық тілде тілек айтады<br>«<br><br>**«Салмақ»,«Масса»** және **«Ауырлық күші»** деп үш топқа бөлу.<br>II. Үй тапсырмасын сұрау.<br>**1 тапсырма**«Кезбе тілші»әдісі<br>1. Күш дегеніміз не?<br>2. Күштің өлшем бірлігі?<br>3.Күшті өлшейтін құрал қалай аталады?<br>4.Алғаш күш ұғымын енгізген ғалым<br>5. Мысал келтір.<br>**Дескриптор**<br>1.Күш ұғымын біледі.<br>2. Күштің өлшем бірлігін біледі.<br>3.Күшті өлшейтін құралды біледі.<br>4.Ғалымның атын біледі.<br>5.Мысал келтіре алады. | Интербел<br>сенді тақта, микрафон<br><br><br><br><br><br><br><br><br>. |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br>10 минут<br>**Білу, түсіну Оқылым, айтылым, тыңдалым** | **III. Жаңа сабақ: Ой қозғау.**<br>Сонымен, бүгінгі өтетін жаңа тақырыбымыз: Тартылыс құбылысы. Ауырлық күші. Енді сабағымызды бастамас бұрын, ортаға екі топтан бір-бір оқушыдан шақырып біреуінің қолына метал шар, екіншісінің қолына алма береміз:*Қолдарыңдағы заттарды жерге тастайық, не байқаймыз?*<br>Сендердің ойларыңша не себепті бұл заттар басқа жаққа кетіп қалмай, жер бетіне түседі? (Оқушылар өз ойларын айтады)<br>**Мұғалімнің түсіндірмесі:**Балалық шағымыздан әрқайсымызға денелердің Жерге тартылуы жақсы таныс, мысалы тебілген доп та, бұтағынан үзілген алма да Жерге түседі.<br>Демек, денелерге Жер тарапынан күш әрекет етеді. Жер барлық денелерді өзіне тартады.<br>Күнді айнала қозғалатын планаталар тартылыс өрісі әрекетінен Күнге тартылыды және өздері де бір біріне тартылады.<br>**2- тапсырма. Топтық жұмыс «Серіктесті оқыту» әдісі**<br>Барлық кеңістікті жайлаған тартылыстан «Жеті қат көкке ұшсақ та», «Жеті қабат жер астына енсекте» құтыла алмаймыз.<br>Демек, денеге әрекет ететін ауырлық күшінің модулі дене массасына тура пропорционал: $F_a$=mg<br>Басқа планеталардағы ауырлық күші. Денелер тек Жерге ғана емес, басқа да аспан денелеріне –Күнге, Айға, планеталарға тартылады. Әр түрлі планеталарда массалары бірдей денелерге әрекет ететін ауырлық күші түрліше болады.<br>Планетаның массасы неғұрлым аз болса, оның денелерді өзіне тартатын күші соғұрлым аз болады. Мысалы, 1кг денені Жер—9,8Н, Ай—1,6Н, Марс—3,73Н күшпен тартады, яғни ауырлық күші Жердегіге қарағанда Айда 6 есе, Марста 2,6 есе аз. Әр түрлі аспан денелері үшін тұрақтының мәні түрліше болады.<br>P=mg<br>**Дескриптор**<br>1.Физикалық шамалардың формулаларын,өлшем бірліктерін біледі<br>2.Масса,ауырлық күші мен салмақты ажыратады<br>**3 тапсырма. Топтық жұмыс**<br>**«Ашық хат» әдісі**<br>1.Денеге әрекет ететін ауырлық күші 10кН. Ол дененің массасын қандай?<br>Жауабы: m=1000кг<br>**Дескриптор**<br>**1.Есептің шартын, нені табу керектігін анықтайды**<br>**2.ХБЖ-не келтіре алады**<br>**3.Формуланы қолданып есептейді.**<br>2. Сендер бір планетада болып, ондағы бір дененің массасын және оған әрекет ететін ауырлық күшін есептедіңдер делік.<br>Нәтижелері: m=150г, F=0,57Н. Сендер қандай планетада тұрсыңдар?<br>Жауабы: g=3,8 Н/кг (Марс)<br>**Дескриптор**<br>**1.Есептің шартын, нені табу керектігін анықтайды**<br>**2. Формуланы қолданып есептейді.**<br>**3.Қандай планетада тұрғанын айтады .**<br>3. Массасы 1 кг денеге Айда 1,6 Н ауырлық күші әрекет етеді. Массасы 50 кг адамның Ай бетіндегі салмағы қандай?<br>Жауабы: 80Н<br>**Дескриптор**<br>**1. Есептің шартын, нені табу керектігін анықтайды**<br>**2. формуланы түрлендіреді**<br>**3. белгісіз шаманы есептеп шығарады.** | Металл шар, доп,алма,ағаш суреті<br>Слайд.<br>Қимыл қозғалыс<br>.<br>А4 парағы<br>Планеталар-дың макеті,таразы,динамометр |
| **Жазылым**<br>10 мин | **4 тапсырма «Гравитация дүкені» әдісі**<br>**Жеке жұмыс**<br>1.Қандай күш ауырлық күші деп аталады?.<br>2.Ауырлық күшінің формуласы?<br>3.Масса қандай әріппен белгіленеді?<br>4.Дененің салмағы дегеніміз не?<br>5.Массаның өлшем бірлігін көрсетіңіз?<br>6. Салмақтың формуласы?<br>7.Неліктен денелердің Айға тартылуы Жердегіге қарағанда аз?<br>8Массаны қандай құралмен өлшейді?<br>9.Алманың ауырлық күшін есептеп тап.<br>**Дескриптор**<br>Ауырлық күшінің бағытын біледі.<br>Ауырлық күшінің өрнегін біледі.<br>Массаны қандай әріппен белгілейтінін біледі.<br>Дененің салмағын біледі.<br>Массаның өлшем бірлігін біледі<br>Күн жүйесінің қай планетасында денеге әрекет ететін ауырлық күшінің шамасы көп екенін біледі.<br>Массаны қандай құралмен өлшейтінін біледі.<br>Денелердің Айға тартылуы Жердегіге қарағанда аз екенін біледі | Интербелсен ді тақта, слайд,оқулық, бор, тақта, формулалар, Жұмыс дәптерлері. |
| 7 мин | **5 тапсырма**<br>**Венн диаграммасын толтыру.**<br>**Жеке жұмыс**<br>Ауырлық күші мен салмақтың айырмашылығы мен ұқсастығын жазады<br><br>**Дескриптор**<br>• ауырлық күшінің,салмақтын анықтамасын біледі.<br>• формулаларды жазады<br>• өлшем бірліктерін біледі<br>• өлшеу аспаптарын жазады<br>• түсу нүктесін көрсетеді | А3 парағы |
| **Сабақты қорытынды лау.**<br>**2 минут** | | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br>2 минут<br><br>Үйге тапсырма.<br>1минут | **Кері байланыс:**<br>***«Тілек ағашы»*** *әдісі*<br><br>1. Масса,салмақ,ауырлық күші ұғымдарын ажырата аласыңба?<br>2. Есеп шығару барысында формуланы дұрыс пайдалана алдың ба?<br>3. Өлшем бірліктерін ХБЖ-не келтіре алдыңба?<br>4. Масса ,салмақ,ауырлық күштеріне мысал келтіре аласыңба?<br>5. Ауырлық күшін басқа планеталардағы ауырлық күшімен салыстыра аласың ба?.<br><br>Тақырыпты оқып келу. | Сызба кесте толтыру.<br><br>Күнделік |
| Саралау- Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз? | Бағалау- Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
| Жалпы бағалау<br>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері\ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет? | | |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.